

**Табиғат қорғау заңдарын сақтау жөніндегі бақылау-инспекциялық қызметтен алынатын қаржыны қалыптастыру тәртібі мен жұмсау бағыттары жөніндегі ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 5 қазан N 1112. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.04.08. N 505 қаулысымен. ~P970505

"1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Табиғат қорғау қорының республикалық бюджет құрамына енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті қаулы етеді:

1. Табиғат қорғау заңдарын сақтау жөніндегі

бақылау-инспекциялық қызметтен алынатын қаржыны қалыптастыру тәртібі мен жұмсау бағыттары туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Айналадағы табиғи ортаны қорғау саласындағы инспекциялық қызмет нәтижелерінен алынған қаражаты түзудің және пайдаланудың тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" 1993 жылғы 19 қазандағы N 1029 қаулысының (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 41, 484-бап) күші жойылған деп саналсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 5 қазандағы  
N 1112 қаулысымен  
Бекітілген

Табиғат қорғау заңдарын сақтау жөніндегі  
бақылау-инспекциялық қызметтен алынатын қаржыны  
қалыптастыру тәртібі және жұмсау бағыттары туралы  
Ереже

Айналадағы табиғи ортаны қорғау саласындағы бақылау-инспекциясы қызметі жұмысының нәтижесінде алынатын қаржы:

мемлекетке табиғат қорғау заңдарының бұзылуынан келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша өндіріліп алынатын сомалар;

табиғат қорғау заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар мен жекелеген азаматтардан әкімшілік және сот тәртібімен өндіріліп алынатын айыппұлдар;

тәргіленген аңшылық және балық аулау құралдарын сатудан, сондай-ақ олардың көмегімен заңсыз өндірілген өнімді сатудан түскен қаржылар есебінен қалып тастырылады.

Аталған қаржылар белгіленген тәртіп бойынша тиісті бюджет кірісінің "Табиғатты қорғау қорының түсімдерінің" 32-тарауына келіп түседі.

Жануарлар дүниесін, балық қорын қорғау және балық шаруашылығының су тоғандарында табиғатты пайдалануға бақылау жасау, мемлекеттік орман қорғау жөніндегі бас басқармалардың бақылау-инспекциялық қызметтері мен басқа да табиғат қорғау органдарының экологиялық талаптардың бұзылуын анықтау мен болдырмаудағы, олардың материалдық-техникалық базасын нығайтудағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру, қызметін материалдық тұрғыдан ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің мемлекеттік бақылау органдарына:

1. Табиғат қорғау заңының бұзылуын тікелей тапқан табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық инспекторлар, ішкі істер органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, кеден қызметінің қызметкерлері мен басқа да адамдар облыстық, Алматы және Ленинск қалалық бюджеттерінің "Табиғатты қорғау қорының түсімдерінің" 32-тарауына іс жүзінде келіп түскен және айналадағы табиғи ортаны қорғау саласындағы инспекциялық қызмет нәтижесінде алынған қаражаттарды төмендегідей көлемде:

- мемлекетке табиғат қорғау заңдарының бұзылуы арқылы келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша өндіріліп алынатын қаржының 37 процентін;

- табиғат қорғау заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар мен жекелеген азаматтардан әкімшілік және сот тәртібімен өндіріліп алынатын айыппұлдардың 18 процентін;

- тәргіленген аңшылық және балық аулау құралдарын сатудан, сондай-ақ олардың көмегімен заңсыз өндірілген өнімді сатудан алынған қаржының 18 процентін бөле отырып ынталандырсын.

Аталған адамдарға сыйлықтар беру Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі Қаржы министрлігінің келісімі бойынша әзірлеп,

бекіткен сыйлықтар беру туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы экологиялық органдардың бақылау-инспекциялық қызметтері үшін аталған мақсаттарға облыстық, Алматы және қалалық бюджеттерінің " Табиғатты қорғау қорының түсімдерінің" 32-тарауына іс жүзінде келіп түскен және айналадағы табиғи ортаны қорғау саласындағы инспекциялық қызмет нәтижесінде алынған қаржыдан мынадай мөлшерде:

мемлекетке табиғат қорғау заңдарының бұзылуына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша өндіріліп алынатын қаржының 43 п р о ц е н т і н ;

табиғат қорғау заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар мен жекелеген азаматтардан әкімшілік және сот тәртібімен өндіріліп алынатын ай ы п п ұ л д а р д ы ң 22 п р о ц е н т і н ;

тәргіленген аңшылық және балық аулау құралдарын сатудан, сондай-ақ олардың көмегімен заңсыз өндірілген өнімді сатудан түскен қаржының 22 процентін бөле отырып, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі бекіткен лимиттер шегінде арнаулы жабдықтар, арнаулы автокөліктер сатып алынып, ұсталатын болсын.

Жоғарыда аталған мақсаттарға арналған қаржыны пайдалану облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдерінің шешімдерімен бекітілген кірістер мен шығыстар сметаларына сәйкес табиғат қорғау қорлары қаржыларын жұмсаудың белгіленген тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.